

«Келісілді»

Астана қаласы әкімдігінің  
«Өркен» балалар мен жасөспірімдер  
дене тәрбиесі орталығы»  
МКҚК директоры  
Н. Тяженов



«Бекітілді»

Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы»  
МКҚК басшысы  
С. Дауешова



## Дене шынықтыру нұсқаушылары арасындағы «Дені саудың - жаны сау» атты эстафеталық сайыстың ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК және «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы, мектепке дейінгі ұйымдардың дене шынықтыру ассоциацияның ұйымдастыруымен өткізілетін дене шынықтыру нұсқаушылары арасындағы ұйымдастырылған сайыстың тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Сайыс 2023-2024 оқу жылының дене шынықтыру нұсқаушыларының сайысқа қатысуын қамтамасыз ету мақсатында өткізіледі.

#### Мақсаты:

Қимылды ойындар арқылы өзара қарым- қатынасты нығайту және салауатты өмір салтын ұстануды көздей отырып, дене шынықтыру нұсқаушылары арасындағы тығыз байланысты орнату.

#### Міндеттері:

- дене шынықтыру дағдыларын дамыту;
- спорттық ойындарға деген қызығушылықтарын қалыптастыру;
- етпiлiкке, төзімділікке тәрбиелеу;
- дене шынықтыру қабілеттерін арттыру;
- патриоттық сезімдерін, ұлтына, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін, құрметтеуге тәрбиелеу.

### 2. Сайысты ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» және «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы, мектепке дейінгі ұйымдардың дене шынықтыру ассоциациясы.

2.2. Байқаудың комиссия мүшелері:

- лайықты үміткер болмаған жағдайда, жүлделі орындар бермеуге.

2.3. Байқауға қатысу үшін өтінім осы Ереженің 1 қосымшасына сай толтырылады.

2.4. Өтініштер сайыстың атауымен 2024 жылдың «20» қаңтарына дейін кешіктірілмей [modern\\_do@mail.ru](mailto:modern_do@mail.ru) электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен өтініштер қаралмайды.

### **3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар және шарттары**

3.1. Байқау мектепке дейінгі ұйымдардың дене шынықтыру нұсқаушылары арасында өткізіледі.

3.2. Эстафеталық сайысқа әр ауданнан (1-5 жыл өтілі бар) 6 (3 ер және 3 әйел адам) жас дене шынықтыру нұсқаушылары қатыса алады.

3.3 **Сайыс 6 бөлімнен тұрады .**

1. Сәлемдесу
2. Кім жылдам?
3. Қаппен секіру
4. Кім епті?
5. Капитандар сайысы
6. Арқан тартыс

### **4. Бағалау критерийлері**

4.1. Дене шынықтыру дағдыларын орындау деңгейі 5 балдық жүйемен келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- сайыстағы шапшаңдығы;
- спорттық киім үлгісі;
- өзін-өзі ұстау мәдениеті.

### **5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау**

5.1. Эстафеталық сайыс жеңімпаздары және қатысушылары Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының дипломдарымен марапатталады.

5.2. **Сайыстың өткізілу уақыты мен өткізілетін орны**

- Байқау 2024 жылдың 25 қаңтарда № 56 мектеп-лицейінің спорт залында өткізіледі. Басталу уақыты - 15. 00

Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталық» және «Оркен» балалар мен жасөспірімдер дене  
тәрбиесі орталығы, мектепке дейінгі ұйымдардың дене шынықтыру  
ассоциацияның ұйымдастыруымен өткізілетін дене шынықтыру  
нұсқаушылары арасындағы  
«Дені саудың жаны сау» эстафеталық сайысына  
қатысуға өтінім

Мектепке дейінгі ұйымның (жарғыға сәйкес) толық атауы	
Қатысушы педагогтің аты-жөні, жасы	
Педагогтің еңбек өтілі	
Педагогтің байланыс телефоны	

Өтінім толтыру күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.